


## САБАҚ ЖОСПАРЫ

<b>Пән</b>	Тәрбие сағаты
<b>Мұғалім</b>	Қабылова Алмаш
<b>Мектеп, сынып</b>	Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Маяқұм ауылы, Ш. Уәлиханов атындағы орта мектеп, 5-сынып
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Дос және достық



www.bilimland.kz

<b>Мақсаты</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық туралы ойларын кеңейту.</li> <li>2. Оқушыларды адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу, өзімшілдіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету.</li> <li>3. Оқушылардың достық сезімдерін нығайту.</li> </ol>
<b>Күтілетін нәтиже</b>	<p>Оқушыларға дос, достық туралы түсінігі кеңейеді. Оқушылар адалдықты, шыншыл болуды, жаман әдеттерден аулақ жүруді үйренеді. Оқушылар дос қадірін түсінеді.</p>
<b>Қолданылатын ресурстар</b>	<p>АКТ, слайд, bilimland.kz сайтының видеоролигі, мақал-мәтелдер, тақта, бор, А4 қағазы, маркер.</p> 

### Сабақтың барысы

<b>Кезеңдері</b>	<b>Берілетін тапсырмалар</b>
<p><b>Сабақты ұйымдастыру</b> Сыныптың психологиялық ахуалын құру, топқа бөлу шеберлігі. 5 мин</p>	<p>Шеңбер құрып, бірін-бірі таныстырады. Мозайка әдісі арқылы топқа бөлінеді.</p>
<p><b>Миға шабуыл</b> 5 мин</p>	<p>Тақырыпты ашу сұрақтары Дос деген кім?</p> <div style="display: flex; align-items: center;"> <div style="border: 1px solid black; border-radius: 50%; padding: 5px; margin-right: 10px;">Дос</div> <div style="display: flex; flex-direction: column; gap: 5px;"> <div style="display: flex; align-items: center;"> <div style="border-bottom: 1px solid black; width: 20px; margin-right: 5px;"></div> <span>Сыр бөлісетін адам</span> </div> <div style="display: flex; align-items: center;"> <div style="border-bottom: 1px solid black; width: 20px; margin-right: 5px;"></div> <span>Мені өте жақсы түсінетін адам</span> </div> <div style="display: flex; align-items: center;"> <div style="border-bottom: 1px solid black; width: 20px; margin-right: 5px;"></div> <span>Көмекке әрдайым дайын адам</span> </div> </div> </div>

	<p>Қандай жағдай болмасын болмасын бірге болатын адам Сенімді адам</p>
<p><b>Жаңа сабақ</b> Мазмұнын ашатын топтық, жұптық тапсырмалар беру. 15 мин</p>	<p>Bilimland.kz сайтының видеоролигін көріп, түйген ойларымен бөліседі Достық дегенді қалай түсінеміз? (Жауапты сурет арқылы бер. Әр бір оқушы өзі салған сурет бойынша түсіндіреді)</p> <p><b>Топтастыру стратегиясы</b></p> <p>Адал жомарт адамгершілігі мол қарапайым</p> <p><b>ДОС</b> мейірімді кешірімді төзімді ақылды сабырлы салмақты кек сақтамау ашықтық бүкпесіздік</p> <p><b>Достық</b> Әйтімбет деген сөзге шешен кісі болыпты. Бірде оның замандастары: - Достық нешеу? – деп сұрақ қояды. Сонда Әйтімбет тұрып: - Достықтықтың екі түрі болады. Бірі - адал достық, екіншісі – амал достық. «Енді оны қалай ажырата аламыз» дегендерге: - Адал достық өмірлік нұсқа болады, амал достықтың өрісі қысқа болады, - деп жауап берген екен. Оқушылардың пікірлері тыңдалады.</p>
<p><b>Ой толғаныс</b> 10 мин</p>	<p>«Мен сыйлайтын жан» тақырыбында шағын эссе жазады.</p>
<p><b>Ой қозғау</b> 7 мин</p>	<p>Топтар «Достық» туралы мақал-мәтел айтып сайысады.</p>
<p><b>Қорытынды</b> 3 мин</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қиын кездерде бір-біріне көмек көрсетіңдер.</li> <li>• Досыңды алдамай, оған адал бол.</li> <li>• Досыңды қорлама.</li> <li>• Досыңмен қызықты шақтарды бөлісе біл.</li> <li>• Досыңды барда да сына, жоқта да сына.</li> <li>• Досыңның кемшілігін кешіре біл.</li> </ul>